

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Қазақстан мен Әзербайжан зейнетақымен қамсыздандыру саласында өзара ынтымақтастық пен серіктестікті одан әрі бекітуде

2025 жылғы 25-28 қараша аралығында Баку қаласында тәжірибе алмасу бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (БЖЗК) және Әзербайжан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы Мемлекеттік әлеуметтік қорғау қоры (МӘҚК) делегацияларының ресми кездесуі өтті.

Бағдарлама аясында екі елдің әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелерінің таныстырылымдары, цифрлық сервистер мен әкімшілендіру тетіктерін талқылау өтті. БЖЗК тарапынан Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне, демографияға, зейнетақы қызметтерін цифрландыруға шолу, Қазақстанның халықаралық зейнетақы рейтингтеріндегі ұстанымы ұсынылды.

БЖЗК еліміз үшін әлеуметтік маңызы бар "Ұлттық қор – балаларға" жобасы туралы ақпаратпен де бөлісті, бұл жерде БЖЗК – нысаналы талаптарды, активтерді, жинақтарды есепке алып, нысаналы жинақтар төлемін жүзеге асырушы оператор.

Азаматтардың барлық қызметтерді қашықтан алуына мүмкіндік беретін зейнетақы қызметтерін цифрландырудағы қазақстандық тәжірибе Әзербайжан тарапының ерекше қызығушылығын тудырды. БЖЗК-ның цифрлық сервистері екі елдің зейнетақы қорлары салымшыларына қызмет көрсету деңгейін арттыру және автоматтандырудың заманауи шешімдері бойынша тәжірибе алмасуға негіз болды.

Делегациялар сондай-ақ МӘҚК-ның әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі орталық филиалында, сондай-ақ тұрақты және жедел әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі агенттікте (DOST) және DOST инклюзивті даму орталығында болып, Әзербайжанның мемлекеттік әлеуметтік қызметтер көрсету және азаматтардың әртүрлі санаттарын қолдау жөніндегі инновациялық шешімдерімен танысты.

Кездесу қорытындысы бойынша Тараптар зейнетақы заңнамасының өзгерістері мен жүргізіліп жатқан реформалар туралы ақпарат алмасу, зейнетақы жүйесіндегі цифрлық технологиялар саласында тәжірибе бөлісу, сараптамалық деңгейдегі бірлескен зерттеулерді қоса алғанда, кең ауқымды бағыттар бойынша зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және кәсіби өзара іс-қимылды кеңейтуге бағытталған өзара түсіністік туралы Меморандумға да қол қойды.

Жарияланымға қажетті суреттер сілтеме бойынша:

<https://www.enpf.kz/kz/press-center/visual-media/282116/>

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және ерекшелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу*

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

*мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*